## Тайыр Жароков

### Сүйінші

Сүйінші, халқым, сүйінші,
Сүйіншіге — сүйінші!
Шаттан, ата-анамыз,
Шаттан, аға-баламыз,
Кек қайтарып фашистен,
Соғыс бітті жеңіспен.
Па, шіркін! Осы шаттыққа
Түрілсін, халқым, құлағың!

Сүйінші, халқым, сүйінші!
Қуаныш жыры, құйылшы,
Аңсап айлар күткен күн,
Қанды соғыс біткен күн —
«Ақ түйенің қарыны
жарылды!»— Күннің жалыны
Нұрын шашты, сылдырап
Ағылсын өлең бұлағы!

Басына бұлт шақырған,
Бұлттан бомба атылған,
Октары қан қақырған,
Халыққа қол батырған,
Кеудесіне жай түсіп,
Гүрс етіп, күлі көкке ұшып,
Кәрі Берлин құлады!

Дауыл ұрған шаңырақ
Секілді Берлин қаңырап...
Зұлымдыққа бас болған,
Жүрегі қара тас болған,
Жығылып жау ордасы
Талқаны шығып құлады.
Қирата оны тура атқан,
Қара ала туын жыға атқан,
Жау түндігін түре атқан,
Жалынтып сауға сұратқан —
Біздің ер оғы құлатқан,
Жер жарып жеңіс ұраны!
Өңеші отқа қарылған,
Лебінен жер жарылған,
Оқ жаудыра дүркіндеп,
От шашқан күн-түн зіркілдеп,
Зекірген — біздің зеңбірек
Демін бір алды «уһ» деп
Майданның сайыпқыраны!
Жауынгер біздің саңлақтар,
Жауды жеңген солдаттар
Ардақты Отан — ел үшін,
Бақытты туған жер үшін,
Жау шатырын жықтырып,
Жауға тізе бүктіріп,
Жарқ етті елдің ерлері
Жеңімпаз өскен ұдайы!
Ой-хой, дүние-ай, бұл күнді —
Халқым күткен нұр күнді

Көретін күн туғанда,
Белді бекем буғанда,
Шаттыққа жан тоя алмай
Қараса көз қана алмай
Қуанғаннан жас іркіп,
Жанды ғой жан шырағы!

Баласын күткен ананың,
Әкесін күткен баланың,
Ерін күткен арудың,
Туысын күткен баурдың
Шешіліп зор арманы,
Алтын таңның арайы
Ашты айқара құшағын
Құлшынта елді шынайы!

Сүйінші, халқым, сүйінші!
Беліңді бекем буыншы,
Жеңдік жауды күйрете,
Жасалсын той-мереке!
Осы жырым «жоқ, барым»,
Тойыңа тартқан көкпарым,
Ал да, жөнел, Бәйгекөк,
Тарқасын жан құмарым!